

Педагог-психологтың 2023-2024 оқу жылындағы ерекше назардағы оқушылармен жүргізілген дамыту-түзету жұмыстарының есебі

Педагог-психолог: Досова Жамила

Мектеп: №10 жалпы білім беретін мектеп КММ-сі

Ерекше назардағы оқушылар саны: 5

Жұмыстың мақсаты:

Ерекше назардағы оқушылардың танымдық, эмоционалдық және мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың мектеп өміріне бейімделуін, оқу мотивациясын, өз-өзіне сенімділігін дамыту және әлеуметтену процесін жеңілдету.

Міндеттері:

1. Оқушылардың жеке психологиялық картасын жүргізу, диагностика нәтижесін талдау.
2. Әр оқушының жеке даму бағдарламасын құрастыру.
3. Танымдық, эмоционалдық және коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған түзету сабақтарын ұйымдастыру.
4. Ата-аналармен және пән мұғалімдерімен бірлескен жұмыс жүргізу.
5. Динамикасын бақылап, жыл соңында нәтижесін қорытындылау.

Жалпы мәлімет:

2023–2024 оқу жылы барысында мектеп психологы ерекше назардағы 5 оқушымен жүйелі түрде дамыту-түзету бағытында жеке және топтық жұмыстар жүргізді. Бұл оқушылардың барлығы педагогикалық консилиум шешімімен ерекше назардағы санатына енгізіліп, ПМПК қорытындысы мен жеке психологиялық ерекшеліктері ескерілді.

№	Оқушының аты-жөні	Туылған жылы, айы күні	ПМПК ұйғарымы	Сыныбы
1	Үргенішбай Сырым	9.03.2015	Қарым-қатынас пен өзара әрекеттестіктің бұзылуы. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 2-3 деңгейіСөйлеу тілінің ерекше дамуы	3 А
2	Ізбасар Анар	14.08.2014	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар бала.Психикалық дамуының тежелуі. Оқу және жазу бұзылыстары . Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 3 деңгейі	4 А
3	Жалғасбай Айдар	04.02.2014	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар бала.Психикалық дамуының тежелуі	5 А
4	Романова Раяна	12.05.2012	Зиятының жеңіл бұзылысы.Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 3 деңгейі	6 А
5	Тоқтасын Рахат	27.04.2011	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар бала.Зиятының жеңіл бұзылысы.Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 3 деңгейі	7 А

Жүргізілген жұмыстардың бағыттары мен түрлері:

№	Жұмыс бағыты	Мазмұны	Өткізу түрі	Жиілігі
1	Диагностикалық жұмыс	Психологиялық жағдайды анықтау (зейін, есте сақтау, эмоциялық фон, тұлғалық даму деңгейі)	Жеке	Әр тоқсан сайын
2	Дамыту-түзету жұмысы	Танымдық процестерді, өз-өзіне сенімділікті дамыту, агрессияны төмендету, эмоцияны реттеу	Жеке және топтық	апта сайын
3	Кеңес беру	Ата-аналарға және мұғалімдерге психологиялық кеңес	Жеке	қажеттілікке қарай
4	Профилактикалық жұмыс	Қарым-қатынас мәдениеті, сыныптағы бейімделу, эмоцияны басқару тренингтері	Жеке	тоқсан сайын
5	Бақылау және динамика	Психологиялық өзгерістерді қадағалау, аралық диагностика	Жеке	жартыжылдық сайын



Жүргізілген жұмыстың нәтижесі:

- 5 оқушының барлығында оқу мотивациясы мен өзін-өзі бағалау деңгейінде оң өзгерістер байқалды;
- 3 оқушының (5-сынып оқушысы-Романова Раяна, 6-сынып оқушысы-Тоқтасын Рахат, 3 сынып оқушысы Новруз Әбілмансұр) эмоциялық тұрақсыздығы төмендеп, сынып ұжымына бейімделуі артты;
- 2 оқушының (2 сынып оқушысы Үргенішбай Сырым ,2 сынып оқушысы Ізбасар Анар) қарым-қатынас дағдылары жақсарып, өз ойын еркін жеткізу деңгейі өсті;
- Барлық оқушылармен жүргізілген түзету жұмысы жеке даму карталарына енгізілді, динамикалық парақтар толтырылды.

Қорытынды:

2023–2024 оқу жылында жүргізілген дамыту-түзету жұмыстары ерекше назардағы оқушылардың психологиялық жан-күйін жақсартуға ,оқу процесіне бейімделуіне ықпал етті.Алдағы оқу жылында жеке даму бағдарламаларын жетілдіріп, ата-аналармен өзара байланысты күшейту жоспарлануда.

